

УДК 316.334.2

ҚАЗАҚСТАН МЕН ИТАЛИЯДАҒЫ ЗЕЙНЕТКЕРЛІК РЕФОРМА: САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Асембай Айым Болатқызы

Assembay.a@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ХҚФ Аймақтану мамандығының 3 курс студенті,
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.
Ғылыми жетекшісі – Нурбаев Ж. Е.

Түйіндеме: Зейнетақы жүйесі – дамыған елдерде әлеуметтік қамтамасыз ету саласындағы аса маңызды элементтердің бірі, XX ғасырдың елеулі жетістігі болып табылады. Зейнетақы жүйесі елдің ұзақ мерзімді даму стратегиясының бөлігі, әрі әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, бюджет-қаржылық салаларымен байланысты келеді. Қазіргі уақыттағы Еуропа мен Қазақстандағы демографиялық жағдайлар, оның ішіндегі қартаю, жастардың еңбекке тартылу мәселелері өзекті келеді. Еңбек нарығындағы жастар мен қарт адамдар арақатынасы, жұмыспен қамтылу деңгейлерін анықтау маңызды. Италияндық тәжірибе есепке алынып, Қазақстанда зейнеткерлік жасты жоғарылату немесе төмендету қажеттілігі мен жастарды еңбек нарығына тарту жөнінде ұсыныстар мен қорытындылар жасалады.

Кілтті сөздер: Зейнеткерлік реформа, салыстырмалы талдау, Қазақстан.

2019 жылдың 28 қаңтарында Италия Республикасының Президенті Серджо Маттарелла зейнетақы реформасы мен азаматтардың табысына қатысты Жарлыққа қол қойды [1].

Жаңа зейнеткерлік реформаны жасап, шығарудың басты себептерінің бірі – үкімет жастар арасындағы 30% деңгейдегі жұмыссыздықтың төмендеуіне ықпал етуі тиіс деп санайды.

Бұл реформаға сәйкес Италияның сары-жасыл үкіметі 2012 жылы қабылданған «Форнеро заңының» күшін жойып, жаңа «Квота 100» атты формула енгізеді. Бұл жаңа формуланың негізгі қағидалары:

- Еңбек өтілі үлкен адамдар үшін зейнетақы "Квота 100" ережесі бойынша анықталады: адамның жасы мен оның өтілінің қосындысы 100 жылдан кем болмау керек. Яғни, зейнеткерлікке шығудың минимальды жасы – 62 құрайды, ал өтіл – 38 жылдан кем түспеу керек.

• 2019 жылдың 1 сәуірінде басталатын бұл формула тек үш жылға созылады, яғни егер азамат барлық талаптарға тек 2022 жылы сай келсе, сонымен қатар сол уақытта үкімет толықтай растау алмаса, бұл формулаға қол жеткізе алмайды.

• Заңда егер әйелдер үшін өтіл – 41 жылды, ал ер адамдар үшін – 42 жылды құраса, олардың мерзімінен бұрын зейнеткерлікке шығу мүмкіндігі бар екендігі жеке жазылған.

• Сонымен қатар, президент Маттарелла тұрмысы төмен, жұмыссыз және қарт адамдар үшін шартсыз базалық табыс енгізуді мақұлдады. Абсолюттік кедейлік деңгейінен төмен итальяндықтар әлеуметтік қолдау шарасы ретінде 780 еуроға дейін көмек ала алады. Италияда бұл көрсеткіш қалыпты өмір сүру үшін қажетті негізгі тауарлар мен қызметтер пакетін сатып алудың мүмкін еместігін білдіреді. Бұл көрсеткіш аймақ пен сол аймақтың көлеміне байланысты әр түрлі болып келеді: мысалы, статистикаға сәйкес Италияның оңтүстігіндегі шағын қалада кедейлік шегі шамамен 560 еуродан бастау алса, Солтүстіктің ірі орталықтарында бұл көрсеткіш 820 еуроға тең келеді. Ұлттық статистика институтының мәліметі бойынша, Италияда кедейлік шегінен тыс 5 млн адам өмір сүреді.

30 қаңтар күнінен бастап «Квота 100» бойынша Әлеуметтік қамсыздандыру бойынша Ұлттық Институтына (INPS) мерзімінен бұрын зейнеткерлікке шығу бағдарламасына өтініштер бере алады.

9 ақпанда Италияның кәсіподақтарының экономикалық реформалар талабы бар 200 мыңдық манифестациясы өтті. Манифестацияға қатысушылар Үкіметтің экономикалық саясатына, зейнетақы реформасының шектеулігіне және жалғасып жатқан дағдарысқа риза емес. Кәсіподақ көшбасшылары үкіметтен "виртуалды шындықтан" шығуды талап етеді және егер Үкімет олардың талаптарын елемесе, онда олар "жұмылдыруды жалғастырады" және қалаулы: бірлескен келіссөздер мен жаңа реформаларды ашуға қол жеткізгенге дейін тоқтамайды. Зейнетақы заңнамасына наразылық Италиядағы наразылық пен ереуілге бірнеше рет себеп болды. 2012 жылы қабылданған Форнеро Заңы зейнетақы жасын біртіндеп арттыруды және азаматтың еңбек өтіліне емес, оның жасына байланыстыруды көздеді. Бұл заң көптеген наразылықты тудырды. "Лига" партиясының билеуші коалициясы вице-премьер Маттео Сальвини және Италияның экономикалық даму, Еңбек және әлеуметтік саясат министрі Луиджи Ди Майо өз уақытында "Форнеро заңының" күшін жою ұраны бойынша билікке келді.

Алайда, наразылықтарға қатысушылардың пікірінше, бұл реформаның ұзақ мерзімді сипаты жоқ және Италияның зейнетақы жүйесіндегі құрылымдық проблемаларды шешпейді. Ол сондай-ақ 38 жылдық еңбек өтілі бар әйелдерге әділетті емес, ал жұмыссыздарға арналған ай сайынғы төлемдер кедейлік пен жұмыссыздыққа қарсы күреске нұқсан келтіреді.

Дегенмен, Луиджи Ди Майо бұл манифестацияға жауап берді. Ол кәсіподақтардың енді «Квота 100» қарсы алаңға шыққанын, бірақ «Форнеро Заңы» қабылданған кезде үнсіз екенін айтты. Оның ойынша, «виртуалды шындықта Маттео Ренцидің басшылығымен алдыңғы үкімет» болды, алтарға итальяндықтарда болған барлық нәрселерді— жинақтардан жұмыс пен бизнеске дейін қатаң үнемдеу әкелді [2].

Италияның Статистика жөніндегі Ұлттық Институты (ISTAT) 2019 жылдың 13 ақпанында 2016-2017 жылдар аралығындағы зейнеткерлердің тұрмыс жағдайы жөнінде ресми статистикалық ақпарат жариялады [3].

2017 жылы зейнеткерлер 16 млн адамды құрады (2016 жылмен салыстырғанда -23 мыңға жуық) және орташа жылдық табыс 17 886 еуро құрады.

Әйелдер зейнеткерлердің 52,5 пайызын құрап, ерлерден 6 мыңға төмен орташа зейнетақы алды. Зейнетақының орташа жылдық мөлшеріндегі гендерлік алшақтық өте елеулі болды, бірақ жылдан-жылға азайған (кәрілік бойынша зейнетақы үшін ерлердің артықшылығы 2005 жылғы 72,6% - дан 2017 жылы 60,0% - ға дейін төмендеді).

Ал, Қазақстанда зейнетақы 3 зейнетақы жүйе арқылы беріледі:

• Базалық зейнетақы

• Ынтымақты немесе еңбек зейнетақысы (1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтіліне байланысты)

• Жинақтаушы зейнетақы (1998 жылдың 1 қаңтарынан кейін зейнеткерлік қорға аударылып отырған жарна есебінен).

Жалпы, зейнеткерлік жөнінде Қазақстанда 2013 жылдың 21 маусымда қабылданған заң жүзеге асырылуда [4].

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау: 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап ер адамдарға 63 жастан, ал әйел адамдарға 58 жастан бастап зейнетақы тағайындалады. Алайда, әйелдер үшін зейнет жасы 63 жасқа дейін жыл сайын 2018 жылдан бастап 6 айға 2027 жылға дейін көтеріліп отырады.

Сонымен қатар, кейбір қазақстандықтардың егер қажетті соманы жинаса, 50 жасында зейнеткерлікке шығу мүмкіндігі бар. 2018 жылы бұл көрсеткіш 13,5 миллион теңгені құрайды. Кейбіреулері зейнетке ерте жаста шыға алады. Заңнамаға сәйкес, экологиялық қауіпті аймақтарда тұрған азаматтар, сонымен қатар, бес не одан да көп балалар туып немесе асырап, оларды 8 жасқа дейін тәрбиелген 53 жасқа толған азаматтар бұл норманы пайдалана алады.

1997 жылғы «Зейнеткерлік қамтамасыз ету» туралы Заң негізіне Чили моделі алынды. Себебі оны енгізу кезінде ұқсас сипаттамалар болды: белгіленген мөлшердегі зейнетақы жарналарының міндеттілігі — қызметкердің табысынан 10%, жеке зейнетақы қорлары нарығының болуы, сондай-ақ зейнетақы активтерін басқару стратегиясын таңдау мүмкіндігі. Сонымен қатар, айырмашылығын айта кетсек, Чилиде зейнетақымен қамсыздандырудың қазақстандық моделіне тән жинақтардың сақталуы бойынша мемлекеттік кепілдік жоқ. Сонымен қатар, біздің мемлекет зейнеткерлік жасқа жеткен барлық азаматтарға базалық зейнетақы төлемін төлейді.

Реформаның басты мақсаты - әділ зейнетақы жүйесін құру, оның басты принципі болашақ зейнетақының одан әрі тағдыры үшін азаматтардың жауапкершілігінен тұрады: «қанша табыс тапты, жинақтады-сонша алатын болады».

Базалық зейнетақы бұған дейін Қазақстанда барлық зейнеткерге бірдей мөлшерде төленетін, яғни 15 274 теңге шамасында. 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны тағайындау әдістемесі өзгерді. Енді оның мөлшері азаматтардың еңбек өтілі мен зейнетақы жүйесіне қатысу ұзақтығына тәуелді болады. Егер барлық зейнеткерге базалық зейнетақы ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54% мөлшерінде немесе 15 274 теңге төленсе, онда 1 шілдеден бастап оның мөлшері зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне байланысты артты. Егер зейнеткердің еңбек өтілі 10 жыл немесе одан кем, не мүлде болмаса оған ең төменгі күнкөріс деңгейінің 54%, яғни 15 мың 274 теңге төленеді. Ал егер еңбек өтілі 10 жылдан асса, онда тағы 2% үстеме қосылады [5].

Бінтымақты жүйеде 1998 жылдың 1 қаңтарына дейінгі еңбек өтілі есептеледі және ол еңбек өтілі мен жалақыға тәуелді болады. Егер еңбек өтілі болып, бірақ зейнетақы есептеу үшін табысы жеткілікті болмаса (жалақысы төмен болды), онда ең төменгі зейнетақы төленеді. Ал, жинақтаушы зейнетақы туралы айтсақ, әрбір жұмыс беруші өз қызметкерлердің ай сайынғы табысының 10% міндетті түрде зейнетақы жарнасы ретінде аударып отыру керек. Ақша жұмысшының Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорында ашылған жеке зейнетақы шотына аударылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми ақпараты 2000-2017 жылдар аралығындағы зейнеткерлер саны мен тағайындалған айлық зейнетақының орташа мөлшерінің ресми статистикасын жариялады. Статистика бойынша зейнеткерлер саны 2147,9 мың адамды құрайды, ол 2016 жылмен салыстырғанда 86 мың адамға өсті [6].

Сонымен қатар, осы зейнеткерлер құрамындағы егде адамдар, яғни зейнет жасына жеткен адамдар саны бойынша 2013-2016 жылдар аралығындағы статистика жарияланды. Оған сәйкес 2013 жылы 63 жастан асқан ер адамдар мен 58 жастан асқан әйел адамдар саны 1,7 млн адамды құраса, 2016 жылы 1,9 млн адамды құрады. Бұл көрсеткіштер сәйкесінше 2013 жылы жалпы халық санының 10,2%, ал 2016 жылы – 10,8% үлесін құрады. Жыныстық құрамына келетін болсақ, ер адамдар 28%, ал әйел адамдар - 72% құрайды.

Ал, 2019 жылдың қаңтарының көрсеткішіне келсек, онда 63 жастан асқан адам саны 1,375 млн адамды құрады, ол жалпы халықтың 7,4% үлесін құрады. Жыныстық арақатынасы бойынша ер адамдар - 470 784 адамды, ал әйел адамдар – 904 353 адамды құрады, сәйкесінше пайыздық арақатынасы – 34,3% бен 65,7% [7].

Сонымен, біз Италия мен Қазақстан мемлекеттеріндегі зейнеткерлік жүйені қарастырдық. Қазіргі уақытта Италияда алып жатқан өзгерістердің, оның ішінде зейнет жасын төмендетудің негізгі себептерін атап өтсек. Ең алдымен, бұл – 2018 жылы билікке келген Үкіметтің негізгі сайлау алдындағы уәделерінің бірі болды. Олар Форнеро заңын алып тастап, зейнет жасын төмендетуді мақсат етті. Бұл енгізіліп отырған бағдарламаның басты мақсаты – 30% деңгейдегі жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендетуге ықпал ету. Үкімет зейнет жасын төмендету жастарға 600 мыңнан астам жұмыс орнын босатуға мүмкіндік береді, ал бюджетте ақша жеткілікті деп санайды. Халық шаруашылығына барынша көп қызметкерлерді тарту — өндірісті ынталандыру және экономиканың өсуі үшін ең жақсы шешім деп есептейді.

Осы арада елдегі жоғары жұмыссыздыққа келетін болсақ, 2018 жылдың желтоқсанында көрсеткіштер жақсарды. «Италиядағы жұмыссыздық деңгейі айдың қорытындысы бойынша 10,3% — ды құрады» - деп хабарлайды Istat Ұлттық статистика қызметі.

2019 жылдың қаңтарына 15-24 аралығындағы жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 33,0%, ал 25-34 жас аралығындағы адамдар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 15,6% тең болды [8].

Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі ресми ақпараттарға сәйкес, 2019 жылдың қаңтарында ол 442,5 мың адамды – 4,8% құрады. Ресми түрде 2019 жылғы қаңтар айының соңында жұмыспен қамту органдарында 111 мың адам тіркелді. Тіркелген жұмыссыздар үлесі жұмыс күшінің 1,2% құрады [9].

Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі (15-28 жас аралығы) – 2017 жылы 3,9% құраса, 2018 жылдың желтоқсанында – 3,6% көрсеткішті құрады.

Ал, Қазақстан Республикасында зейнет жасын әйелдер үшін 10 жыл аралығында көтерудің себептерін қарастырайық. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон департаментінің басшысы Айдынжан Нарматов 2018 жылы ақпанда Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифинг барысында зейнеткерлік реформадағы өзгерістер туралы айтты. «1998 жылдың 1 қаңтарына жинақталған еңбек өтілінің азаюына байланысты ортақ зейнетақы төлемдерінің мөлшері біртіндеп төмендейді. Бұл 2030 жылға қарай жүйеге жаңадан кіретін зейнеткерлер үшін ынтымақты зейнетақы мөлшері айтарлықтай төмендейді. Бұған жол бермеу үшін зейнетақы жүйесін жаңғырту қажет болды», - деді Айдынжан Нарматов. Департамент басшысы зейнеткерлік жасты көтеру немен байланысты екенін айтты. "Бұл 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін қажетті әйелдердің еңбек өтілінің біртіндеп азаюымен және жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілінің ұлғаюымен байланысты", - деді спикер [10].

Яғни, төленетін зейнетақы мөлшері әйелдердің зейнетақы жүйесіне қатысу және үздіксіз зейнетақы жарналарын аудару кезеңіне тікелей тәуелді болады. Ал, зейнетақы жасын кезең-кезеңмен арттырудың басты міндеті – зейнетақы жинақтарын ұлғайту мүмкіндігін ұсыну болып табылады. Ол әйелдердің әлеуметтік қолайлы зейнетақы деңгейін қамтамасыз ету үшін жүзеге асырылады.

Қорытындылай келе, Италияда зейнет жасын түсіру – жастар жұмыссыздығының деңгейін төмендету құралы, ал Қазақстанда әйелдер үшін зейнет жасты көтеру –ынтымақты зейнетақы тағайындау үшін қажет еңбек өтілін жинау мен жинақтарды ұлғайту мүмкіндігі арқылы болашақта қолайлы деңгейде зейнетақы алу үшін жасалады. Ал, жұмыссыздық деңгейлерді салыстыратын болсақ, Италияда жастар арасындағы жұмыссыздық 30% асуда, ал Қазақстанда соңғы жылдары 18-24 жасқа қарағанда 25-34 жастағы адамдар арасында жұмыссыздық өсуде. Сонымен қатар, Италия халқының орташа өмір сүру ұзақтығы әйелдер үшін – 84,9, ал ерлер үшін 80,5 жасты құрайды. Ал, Қазақстанда 72,9 жасты құрады, оның

ішінде әйелдер – 76,9 жас, ал ерлер – 68,7 жасты құрайды. Италиядағы орташа өмір сүру жасы мен зейнет жасы пропорциясы мен Қазақстандағы пропорция өте алшақ. Демек, жастар арасындағы жұмыссыздықтың үлесін төмендету үшін, Италия үлгісінде оларға жұмыс орнын зейнеткерлер есебінен босату мүмкіншілігі бар. Орташа өмір сүру ұзақтығын есепке ала отырып, зейнет жасын көтермей, қайта төмендету арқылы, еңбек нарығында орындар көбеюін, жастарды еңбекке тарту үдерісін жеделдету мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. La Gazzetta Ufficiale della Repubblica Italiana. Decreto-legge disposizioni urgenti in materia di reddito di cittadinanza e di pensioni //URL:http://www.gazzettaufficiale.it/atto/serie_generale/caricaDettaglioAtto/originario?atto.dataPubblicazioneGazzetta=2019-01-28&atto.codiceRedazionale=19G00008&elenco30giorni=false, 12.02.2019.
2. Смирнова А. Профсоюзы Италии призвали правительство «выйти из виртуальной реальности» //URL:<https://www.kommersant.ru/doc/3880551>, 11.02.2019.
3. Istituto Nazionale di Statistica. Condizioni di vita dei pensionati //URL:<https://www.istat.it/it/>, 11.02.2019.
4. Әділет Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заң //URL:<http://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1300000105>, 18.02.2019.
5. Sputnik Жаңалықтар агенттігі. Зейнетақы қалай есептеледі: кімге және қалай төленеді? //URL:<https://sputniknews.kz/economy/20180718/6476824/qazaqstandyqtar-zeinetaqy.html>, 17.02.2019.
6. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті //URL:<http://stat.gov.kz>, 17.02.2019.
7. Countrymeters статистикалық ақпарат көзі //URL:<https://countrymeters.info/ru/Kazakhstan>, 18.02.2019.
8. Istituto Nazionale di Statistica //URL:<http://dati.istat.it/Index.aspx?lang=en&SubSessionId=ba08cae7-1388-4a39-8740-7f09e4851304>, 05.03.2019.
9. Уровень безработицы в Казахстане составляет 4,8% - госстатистика URL:<https://mk-kz.kz/economics/2019/02/13/uroven-bezroboticy-v-kazakhstane-sostavlyayet-48-gosstatistika.html>, 05.03.2019.
10. Садырова С. Причины повышения пенсионного возраста для женщин //URL:https://bnews.kz/ru/news/prichini_povisheniya_pensionnogo_vozrasta_obyasnili_v_almati, 05.03.2019.